

«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА» — ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ СЕРПІЛІСІ**Сейдахметов А.А., Нургалиева А.Е.***Жетісу колледжі, Талдықорған қ.*

Бұл мақалада «Жасыл экономика» тұрақты дамуға қол жеткізетін жаңа экономика, бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика екендігі қарастырылған.

Тірек сөздер: бәсеке, экономика, дағдарыс, өндіруші, өңір, нарық, табыс, қаржы, қор, өнім

В этой статье рассматриваются что «зеленая экономика» - это новая экономика, которая достигает устойчивого развития, которое направлено на сохранение благосостояния общества за счет эффективного использования природных ресурсов, обеспечивая возврат потребительских товаров в производственный цикл.

Ключевые слова: конкуренция, экономика, кризис, производитель, регион, рынок, доход, финансы, акции, продукт.

The article states that “a green economy» is a new economy that achieves sustainable development, which is aimed at preserving the welfare of society through the efficient use of natural resources, ensuring the return of consumer goods to the production cycle.

Key words: competition, economy, crisis, producer, region, market, income, finance, stock, product

«Жасыл» экономика — бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика. Жасыл экономиканың негізінде — таза немесе «жасыл» технологиялар жатыр.

Жалпы, осы экономиканы жүзеге асыру мақсатында заңнамаларымызға енгізілген өзгерістер жаңартылатын энергия көздерін пайдаланушы энергия өндіруші компанияларды қолдауға, экологиялық таза көлік құралдары өндірісін ынталандыруға, сонымен қатар, су ресурстарының бөлінісі арқылы қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы проблемалы салаларды жетілдіруге және реттеуге бағытталған. Бұл, сәйкесінше, экономиканың түрлі салаларының дамуына оң әсерін тигізеді.

Дүние жүзі халықтары өзінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында орасан зор энергия тұтынуда, соның салдарынан қазіргі таңда энергия тапшылығы байқалуда. Осы мәселенің алдын алу, энергия тапшылығын жою үшін балама энергия көздерін пайдалану өте маңызды.

Елімізде жаңартылған энергия көздерін дамытуға жасыл жолдарына көшуіне Парламент қабылдаған Заңмен, Астанадағы «Болашақ – энергия» ЭКСПО – 2017 көрмесінің өтуі сөзсіз қуатты серпіліс берді.

Біздің мемлекетіміз «жасыл» экономикаға ауысу саласындағы саясатты белсенді жүргізіп жатқанда, біз осы үдерістің бөлігі ретінде қазірден бастап «таза» болашақты құруға қадамдар жасай аламыз.

Энергия тұтыну — адамзат тіршілігінің міндетті шартына айналды. Оны қамтамасыз етуде экологиялық таза энергия өндіру заман талабы. Сондықтан да, қанша қиыншылықтар кездесе де, оларды жеңіп, жаңартылған энергия көздерін дамытуға барынша атсалысқанымыз абзал.

Біздің мемлекетіміз «жасыл» экономикаға ауысу саласындағы саясатты белсенді жүргізіп жатқанда, біз осы үдерістің бөлігі ретінде қазірден бастап «таза» болашақты құруға қадамдар жасай аламыз. Дегенмен біздің көпшілігіміз олардың үлесі ештеңе білдірмейді, бұл

табиғатты қорғауға жатпайды деп санаймыз. Біздің әрқайсымыз қоршаған ортаны қорғау ісіне өз үлесін қоса аламыз. Және сенің үлесің теңіздегі тамшы болады деп ойлау қажет емес. Күн сайын біз әлемді тазартып, жақсарта аламыз. Сол себепті біз бүгіннен бастап «таза» болашақты қалай құруға болатындығы туралы ұсыныстардың кішігірім тізімін құрдық.

Электр көздерін ажыратыңыз, Синтетикалық аспаптардан/құралдардан бас тартыңыз, Энергияны үнемдеңіз, Қоқысты сұрыптауды бастаңыз, Электрондық тасымалдағыштарды пайдаланыңыз, Экологиялық таза өнімдерді сатып алыңыз, Жаяу көбірек жүріңіз. Табиғатты қорғайық! Өзіңнен кейін қоқысты қалдырмау, ағаштардың бұтақтарын сындырмау немесе гүлдердің байламдарын үзбеу сияқты ережелерді қарапайым сақтау табиғат жағдайында маңызды көрініс табады.

«Жасыл экономика» ұлттық экономиканың баюымен қатар, ЖҰӨ өсу қарқынын жылдамдатады. Ол кедейшілікті жою мен экологиялық ресурстарды сақтау арасындағы байланысты орнатады. Экологиялық экономика жаңа жұмыс оындарының құрылуына ықпал етеді. Мұндай қоғамда жаппай өндіру болмайды және табиғи ресурстардың орнына «Жасыл Нано» технологиясы қолданылады.

Мемлекетіміздің алтын капиталы саналатын адам деісаулығын жақсарту, әсіресе жас ұрпақтың тәнінде ақау,жанында кірбің болдырмау мәселесі, ел болғалы бері Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың айтып келе жатқан табанды тапсырмасы екендігін атап өткім келеді[1].

Бұл туралы Елбасы «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Біз экологияға баса назар аудара отырып, ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер құруға тиіспіз. Нәтижесінде мен агроөнеркәсіптік кешенің алдына-экологиялық таза өндіріс саласындағы жаһандық ойыншы болуы міндетін қоямын» деді. Сондықтан бәріміз бірге жұмылып, елдің көркейіп дамуына өз үлесімізді қосайық!!!деді.

Жасыл экономика-экономикалық ғылымда соңғы екі онжылдықта қалыптасқан бағыт болып табылады және де ол экономины табиғи ортаның тәуелді бір бөлігі ретінде сипаттайды. Жасыл экономика тұжырымдамасы өзіне экономикалық ғылыммен философияның басқада идеяларын біріктіреді, мысалы экологиялық экономика, қоршаған орта экономикасы, антиглобалистика, халықаралық қатынастар теориясы, постмодернизм және т.б. Алайда қазірге дейін жасыл- экономиканың бірыңғай анықтамасы жасалмаған және де біз жасыл экономикаға мынадай анықтамалар беруге талпыныс жасадық:

- UNEP анықтамасы бойынша жасыл экономика – бұл жердің табиғи капиталын құратын және және арттыратын немесе экологиялық қауіптер мен тәуекелдерді азайтатын салалар;

- БҰҰ анықтамасы бойынша жасыл экономика- бұл экономикалық тәуекелдермен табиғи ресурстар тапшылығын қысқартатын және халықтың тұрмыстық игілігін жақсартып, әлеуметтік кеңдікке алып келетін экономика;

- Жасыл экономика- бұл адам өмірінің ұдайы өндірісіне қажетті табиғи негізді бұзбайтын, биосфераның шаруашылық сыйымдылығы шеңберінде дамитын экономика[2].

Сонымен бірге, жасыл экономика халықтың жоғары тұрмыс деңгейі мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен сипатталатын экономика болып табылады. Бұл экономикалық модель ХХІ ғасырдағы елдердің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі ретінде танылып отыр.

«Жасыл экономиканың» негізгі үш аксиомасы бар, атап айтатын болсақ:

- Шектеулі кеңістікте ықпал ету аясын шексіз кеңейту мүмкін емес;

- Шектеулі ресурстар жағдайында шексіз өсіп отырған қажеттіліктерді қанағаттандырумүмкін емес;

- Жер бетіндегі барлық нәрсе өзара байланысты.

Жасыл экономиканың артықшылықтары:

- Бүкіл әлемде күн. Батареяларын қолдану мүмкіндіктері;

- Газ бен жұмыс жасайтын жолаушылар тасымалын ұйымдастырушы көліктерді енгізу;

- Қайта өңдейтін зауыттар арттыру;

- Климаттың өзгеруі жағдайында қолданылатын асфальтбитондық технологиялар қолдану;

- Қоршаған ортаға зиянсыз экологиялық жеңіл көліктерді пайдалану мүмкіндігі;

Қазақстанда «жасыл экономика» бағдарламасы бойынша жұмыстар үш негізгі кезеңде жүргізіледі:

Бірінші кезеңде 2013-2020 жылдары мемлекеттің негізгі басымдығы ресурстарды тиімді пайдаланумен қоршаған ортаны қорғау қызметінің тиімділігін арттыру, сол сияқты «жасыл» инфрақұрылым құру болады.

Екінші кезеңде барысында 2020-2030 жылдары қалыптасқан жасыл инфрақұрылым негізінде суды үнемдеп пайдалану, қалпына келетін энергетиканы дамытуды ынталандыру мен кеңінен енгізуді қолдау, энергетикалық стандарттары негізінде құрылыс жүргізіледі.

Үшінші кезеңде 2030-2050 жылдары ұлттық экономиканы «үшінші өнеркәсіптік төңкеріс» қағидасына көшу қарастырылған. Ол табиғи ресурстарды олардың жаңартылумен тұрақтылық негізінде қолданылуын пайымдайды. Тұжырымдама бойынша «Жасыл экономикаға» көшу шаралары мынандай бағыттар бойынша жүзеге асыралада: су ресурстарын тұрақты пайдалану, тұрақты және жоғары өнімді ауыу шаруашылығын дамыту, энергияны үнемдеу мен энергетикалық тиімділікті арттыру, қалдықтарды басқару жүйесі, ауаны ластауды азайту, экожүйелерді тиімді басқару [3].

Қорыта айтатын болсам, «Жасыл экономика» сынды ауқымды бағыттардың елді біріктіруге жұмыс жасауы көңіл қуантарлық жағдай. Көз қуанды, көңіл қалпына келді, ендігі мақсат – зардап шеккен табиғаттың жаралы дерттерін жазу.

Экологиялық мәселелерді шешу жолында кішкене де болсын қызмет атқарсаңыз, бұл – келешек ұрпақ мүддесі үшін жасаған табиғат алдындағы өтелген борыш болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының « Жасыл экономикаға» көшуі туралы тұжырымдама
2. Анасимов С.П. « Зеленая экономика и электроэнергетика-2013г.
3. Мировая экономика и международное отношение 2014г.